

## **№9 Дәріс. Саяси идеологияның маңызды концепциялары**

**Дәрістің мақсаты:** Саяси идеологияның маңызды концепцияларын сонымен қатар басқару формаларын және ондағы саяси ойдың дамуын, салалыстырмалы талдау жасау.

### **Дәріс жоспары:**

1. Саяси идеологияның теориялық негіздері
2. Саяси идеологияның қоғамдағы ролі
3. Идеологияның мемлекет басқарудағы орны

Саяси әлемді идеологиясыз елестету мүмкін емес. Оның пайда болуының өзінде-ақ онымен байланысты басқару формасы да және саяси бағытты ұстанған билік те негіздеуді, ақтауды талап етті және легитимизация билігіне мұқтаж болды. Түрлі тарихи заманда қалай аталғанының маңызы жоқ, идеология, аталмыш мақсаттарды орындауға бағытталған. Сол себептен, табиғи түрде, саяси ғылым мен саяси философияда саясат пен идеология арақатынасы жайлы сауал айтарлықтай орынға ие. Оның маңызы жайлы мынадай факт куәландырылады, яғни ХХ ғасырды идеология ғасыры деп те атаған, себебі оның барлығы ымырасыз күрестің белгісі ретінде ғана емес, түрлі идеологиялық жүйелердің күресі ретінде өтті.

Аталмыш мәселеге кең әдебиет арналған, ал ол өз кезегінде бұл күрестің тұтқыны болды және сол себептен бізді қызықтыратын мәселенің мәнін айқындауға әрқашан қабілетті болмады. Әрине, бұл жерде аталмыш мәселені жан жақты талқыға салу мақсаты қойылмайды және қойылуы мүмкін емес еді. Менің өзімнің басты мақсатым деп саяси идеологияның дүниетанымдық аспектісін анықтауды есептеймін. Саяси әлемнің идеологиялық және саяси философиялық аспектілері көбінесе заңды емес түрде теңестірілетінін есепке алған жағдайда ғана бұл кез ерекше маңызға ие болады. Дж. Ла Паломбара ойлауы бойынша, идеология тарихтың философиясынан, ондағы адамның бүгінгі жайының көрінісінен, болашақ дамудың мүмкін бағыттарының кейбір бағаларынан және жылдамдату, бәсеңдету және дамудың сол немесе өзге бағытының модификациясын қарастыратын алдын-ала жазып қою кешенінен тұрады.

Шартты түрде, саяси философия басқа да қоғамдық және гуманитарлық дисциплиналардың қатары секілді идеологиялық және саяси-идеялық өлшемге ие, және ол өз кезегінде зерттеушінің саяси-философиялық ойлаудың сол немесе өзге бағытын ұстауына сай танылады. Қаласа да, қаламаса да, әрбір зерттеуші белгілі бір мөлшерде идеологиялық құштарлық, талас және пікірталас ықпалына душар болады және тиісінше маңызды шындықтың түсіндіруінен, саяси-идеялық қолдауынан және белгілі біржақтылықтан толық еркіндікке ие бола алмайды. Айтарлықтай маңызды феноменді анализдеу кезінде зерттеушінің жақын келуі үлкен мөлшерде

оның саяси-идеялық және қоғамдық-философиялық құрылымымен хабардар болуымен анықталатыны кұпия емес.

Сондықтан біз сол басқа ойлаушы немесе зерттеуші өзінің хабардар болуына, құрылымына, ұнату және ұнатпауына сай консерватор, либерал, социал-демократ, марксист, радикал және т.б болып табылады. Әрине, зерттеуші кұштарлық танытпаған және оның іздеу нәтижесі кімге тиімді екеніне қатыссыз шындықты анықтау мақсатын қуалайтын кездегі жағдай идеалды болып саналады. Идеология, өз кезегінде, әділетсіз және алдын ала ойланған, себебі ол белгілі бір топтың немесе қоғамдық топтың қызығушылығын айқындайды. Кез келген қоғамдық және гуманитарлық дисциплинаның кімнің болса да талғамы мен қызығушылығымен жанаса кетуі шарасыз екені мәлім.

Бірақ Батыстың барлық дамыған елдерінің, әсіресе, либерал-демократиялық саяси жүйесі бар елдердің тәжірибесі саяси феномендердің, ғылыми анализі зерттеушінің сол немесе өзге идеялық немесе идеологиялық ұстанымымен жиі сiңiсiп кететiнiн көрсетеді. Бұл жайлы, кем дегенде, көптеген Батыс саясаткерлерінің бұл сауалдағы мүмкін болған барлық сылтауларының бар болғанына қарамастан, қалай болғанда да өз хабардар болуына, құрылымына, ұнату, ұнатпауына және т.б бойынша консерватор, либерал, социал-демократ, марксист, т.б болып айқындалады. Күмәнсіз бұл топтастырудың негізінде идеологиялық бағаның жағдайы да бар. Сол себептен біздегі демократиялық мемлекет құру жағдайы ретіндегі деидеологизация пайдасында идеологиядан бас тарту қажеттігі жайлы ойлар мен дәлелдер көбінесе қандай да болмасын нақты негізден айырылған, себебі жаңа әлемде политика түрлі дауласушы қызығушылықтың соқтығысуы ретінде идеологиясыз қарастырылмайды. Бұл жерде әңгіме көрсетілгендей, жаңа деидеологизация жайлы емес, саяси-идеялық ағымдардың плюрализмінің бекітуі жайлы, жақындасу, методологиялық қағидалар, қатар өмір сүру мен бір-біріне деген шыдамдылық пен бір-біріне деген қатынастағы ашықтық жайлы болуы тиіс. Ал бұл, өз кезегінде, ғылыми жақындықты идеологиялық құрал ретінде қарастырудан бас тартса да, идеологияны саяси әлемнің бөлінбейтін элементі ретінде зерттеу қажеттігі жоғалмайды. Бұл феноменнің эволюциясы және пайда болу шарты, себебі жайлы сауалдарды бір шетке ысыра отырып, идеологияның институционализациясы мен пайда болуы тар мағынада алғашқы үш тарауда қарастырылған мүшелеу процесі мен саяси әлем және азаматтық қоғамның автономизация процесі, қоғамның социалдық құрылымының плюрализация мен күрделендіру, универсалды, ортағасырлық ойлауды ыдырату, саяси-философиялық ойдың пайда болу және түрлі бағыттар мен ағымдарға оның диверсификациясы, жеке жағдайы болып алғашқыда шіркеудің мемлекеттен бөлінуі болған дүниетанымның мемлекеттен бөліну процесімен тығыз байланысты.

Идеология тар мағынада ұлт пен ұлттық мемлекеттің идеяларына институционализациясымен және құралуымен байланысты. Одан бөлек, соңғы екі-үш жүзжылдықта идеология және ұлтшылдық бір-бірін

толықтырып және ынталандырып тұрды. Олардың көтеріліп келе жатқан үшінші таптың және буржуазияның қызығушылығын білдірушілер ретінде тіпті бір мезгілде пайда болуы кездейсоқтық емес, яғни бастапқы кезде бұл бір мағынаға ие болды. XX ғасырда екі феномен де әмбебап сипатқа ие болды және құбылыстың кең спектрін білдіру үшін қолданыла бастады. Біздің мыңжылдықта пайда болған «буржуазды ұлтшылдық», «либералды ұлтшылдық», «ұсақ буржуазды ұлтшылдық», «ұлтшыл шовинизм», «ұлтшыл» және т.б ұғымдары, шындығында, социалды-саяси күштерге сай идеологиялық және саяси-партиялық программаларды негіздеу мен ақтау үшін идеологиялық құрылым ретінде қолданылады. Өзінің шеткі формасын бұл тенденция гитлерлік Германияда алған болатын, яғни жоғарыда айтылып кеткендей, ұлтшылдық мемлекеттік идеологияның тірегі болып табылатын ең маңызды қызметтің бірін атқаруы.

Көбінесе, түрлі идеологиялық ағымдар төртінші тарауда анализденген лайықтаудың нәтижесі ретінде болды, яғни саяси-философиялық ойдың қоғамдағы түрлі жанжалдасушы күштердің практикалық саясатының қажеттілігіне бағытталуы еді. Алайда, саяси философиямен салыстырғанда, идеология саяси шындық пен әрекетке, саяси процеске бағытталған және саяси курстың сол немесе өзге күшімен ұсынылған ең үлкен қолдауын тарту түсінігін басшылыққа алды. Сол себептен ол нақты белгіленген тенденциозды сипатқа ие. Барлық идеология олардың құрылымына қатыссыз, биліктің, биліктік қатынастың, беделдің, т.б мәселелерін қарастырады. Олар қоғамның белгілі моделін мойындауға, саяси жүйеге, бұл модельдің практикалық жүзеге асыру құралдарына негізделеді.

Нақ идеология жалаң түрде өзінің практикалық іске асыруын, ақтауды және саяси әлемнің жанжалды бастамасын негіздеуді немесе оған тән «дос-қас» дихотомиясын табады. Идеологияның бірігуі үшін ішкі «қас» оны алып жүрушілердің қызығушылығының бірлігіне қарағанда үлкен мағынаға ие. Бұл жерде ішкі «қас» бұл қызығушылықтың кристалдануының қуатты катализаторы ретінде қызмет етеді. Егер «қас» болмаған жағдайда, оны жасанды түрде ойлап табады. Ерекше бұл қағида радикалды идеологияда айқын көрінеді, яғни ол ішкі және сыртқы дұшпансыз өткізіле алмайды. Сонымен қатар, бұл идеологияның өз мәні дұшпанның бейнесі мен бейнелерінің көмегімен айқындалады. Неміс зерттеушісі О.Ламберттің белгілеуі бойынша осы аспектіде идеологияның тиімділігі қалған қоршаған ортаға дұшпандық күш ретінде көрінсе, сол арқылы сәйкес топқа сай қорғаныс, қорқыныш, агрессия ырықсыз сезімдеріне ұрындыратын жағдайда ғана анық байқалады. Әр идеологиялық құрылым антипод және дұшпан жайлы жайылған мазмұнға ие. Дұшпанның бейнесінен, көп жағдайда, топтың интеграциялау дәрежесі тәуелді болады.

Саяси-философияның немесе саяси-идеяның жалпы жүйесінен кез келген ағымның бөлінуі ағымның берілген ойын құрайтын типтеу секілді, абстракцияның сол немесе өзге дәрежесін болжайды. Ол, өз кезегінде, редукциямен тығыз байланысты, яғни бірыңғай бөлгіш ақпаратына көптеген карама-қарсы элементтердің немесе компоненттердің белгілі бір немесе

бірнеше базалық элементтерге, сонымен қатар жоғарыда қарастырылған саяси философиялық ағымдарға да тән. Бірақ идеологияда редукция саяси философияға қарағанда айтарлықтай үлкен рөлге ие. Нақ соның көмегімен идеологияның үлкен тұтастығы, оның қарапайымдылығы және нақты ориентацияның орта адымына қол жетерлігі жүзеге асады. Бірақ бұл редукцияның дәрежесі нақты идеологиялық жүйенің ашықтық және жабықтық дәрежесіне сай түрленеді: біркелкі және орталықталғандағы минималдыдан радикалды және революциондыдағы шеткілерге дейін өз тобында заңдылық бар, яғни осыған сәйкес сол немесе өзге де идеологиялық құрылымның радикалды дәрежесі оның негізгі элементтерінің редукцияларының дәрежесіне тең пропорционалды болып келеді. Жабықтық және редукция феномендерінің сендірерлік пен тиімділікті сақтау сақтамауының тәуелсіз нәтижесінде қоғамдық саяси шындыққа сәйкес сәйкестік императивтері қағидаларға адалдық құрбандыққа берілуі оның өзге элементтермен ластануына жол бермеуден құралған идеологияға тазалықты қамтамасыз ету қағидасына байланысты.

Кез келген ой қалай жетілген болғанымен, абсолютке дейін жеткізілген ой өзінің қарама-қарсылығына немесе нағыз сандыраққа айналатыны белгілі және табиғи түрде, оның практикалық жүзеге асыру әрекеттері алысқа апаратын негативті зардабына айналмауы мүмкін емес. Егер теориялы түрде, Евангелийдің нормалары мен құрылымдарын қатаң түрде сақтап, өмірлік құрылым мүмкіншілігіне рұқсат берсек, онда ерте ме кеш пе оның құлауына күмән келтірмеуіміз қажет. Әлемде бір де бір әскер тиімді әрекет ете алмайды, барлық жағдайда да өзінің меншікті жарғысының әрпіне сай қатаң түрде жүреді немесе экономикада «итальянша» аталмыш ереуілдердің әсері бәріне белгілі, яғни бұл сөздің нақты мағынасына сай өндіріс саласына алып келеді (мысалы, темір жол көлігінің жұмысы), себебі жұмысшылар асқан дәлдікпен бекітілген ережелер мен нормаларды орындай отырып жұмыс жасайды.

Барлық радикалды идеологиялық құрылымдардың тағдыры дәл осындай. Оның көрнекті мысалы ретінде тоталитарлық идеология қызмет етеді. Осылайша, белгілі бір элементте белгілі бір элементтің қоғамнан тыс басқа элементтермен оның байланысын жүзеге асыру мен оның жекелей өмір сүру мүмкіндігін постулаттай отырып, тоталитаризм, өз кезегінде, бір жалғыз «измнің» жалпы контексттегі көптеген «измдерден» және барлық күрделіліктің, көптүрліліктің және шынайы өмірдің толықтығының жалғыз бөлгішке редукциясын ажыратуды жүзеге асырды. Бұл жалғыз «измге» барлық шындық болмыс апарылды, шақтап көрінді, одан алынып тасталды және қажет емес институттар, ұйымдар, құндылықтар, саяси идеялық ағымдар, діни топтар және таптар, т.б жойылды.

Белгілі бір оқудың жолын ұстанушылар немесе жеке адам үйлесімге жететін және барлық мәселені шешетін әмбебап кілтке, ақырғы шындыққа қолдары жеткені жайлы сенімді, бірақ кейіннен олар шындық пен әділеттілік патшалығына қол жетерлігіне сенімділікті білдіреді. Нәтижесінде, өздерінің алғашқы ойлары бойынша алдыңғы социал философиялық және социал

идеялық жүйелер жылжымайтын негізде орналасқан және шынайы өмірді бөлек және жасанды, бір өлшемді құрылымға орналастыруға ұмтылған тұйық жүйе болып саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
- 19.Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия